

НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАЛАР

ТҮЙІМ САЛЫНҒАН ТІЗІМ 2026

БАРЛЫҚ УАҚЫТТА (ЖАРЫС КЕЗІНДЕ ЖӘНЕ ЖАРЫСТАН ТЫС КЕЗЕҢДЕ) ТҮЙІМ САЛЫНҒАН СУБСТАНЦИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕР

ТҮЙІМ САЛЫНҒАН СУБСТАНЦИЯЛАР

S1. Анаболикалық агенттер

- В S1.1 бөлімінде тыйым салынған стероидты эфирлерге де тыйым салынғаны көрсетілген.

S2. Пептидті гормондар, өсу факторлары, ұқсас субстанциялар мен миметиктер

- Пегмолесатид жаңа ЭПО-миметиктердің мысалы ретінде қосылды.

S3. Бета-2-агонистер

- Сальметерол дозаларының аралықтары терапевтік әсерден тыс ықтимал болатын эргогендік әсерлерді болдырмау үшін қайта қаралды.¹ Максималды доза өзгеріссіз қалды және 24 сағат ішінде 200 микрограммды құрайды.

S4. Гормондар және метаболизм модуляторлары

- 2-Phenylbenzo[h]chromen-4-one, ол сондай-ақ α -нафтофлавон немесе 7,8-бензофлавон ретінде белгілі, ароматаза ингибиторының мысалы ретінде қосылды. Аталған синтетикалық субстанция қоспалардан табылды.
- 5-N,6-N-bis(2-fluorophenyl)-[1,2,5]oxadiazolo[3,4-b]pyrazine-5,6-diamine, сондай-ақ BAM15 ретінде белгілі, АМФ белсендірілген протеинкиназа (АМРК) активаторының мысалы ретінде қосылды. Аталған синтетикалық субстанция қоспалардан табылды.

¹ Thouelle P, Danion A, Hostrup M, Petrou M, Deventer K, Buclin T, Girardin F, Mazzoni I, Rabin O, Guidi M. Pharmacometric-based evaluation of salmeterol and its metabolite α -hydroxysalmeterol in plasma and urine: practical implications for doping control. Submitted for publication.

ТҮЙІМ САЛЫНҒАН ӘДІСТЕР

М1. Қанмен және оның компоненттерімен манипуляциялар

- Қан немесе оның компоненттерін алуға тыйым салынғаны түсіндірілді, мыналарды қоспағанда:
 - 1) медициналық зерттеулерді немесе допинг-бақылауды қоса алғанда, талдау жүргізу мақсанында, немесе 2) ол қызмет атқаратын елдің тиісті реттеуші органымен аккредиттеген қан жинау орталығында донорлық ету. Тромбоциттермен байытылған плазма (PRP) және онымен байланысты процедураларға тыйым салынбағанын ескеріңіз
- Көміртегі тотығын (СО) диагностикалық емес мақсаттарда пайдалану «Тыйым салынған әдістер» бөліміне М 1.4 жаңа бөлімі ретінде қосылды. Белгілі бір жағдайларда ол эритропоэзді күшейтуі мүмкін. Гемоглобиннің жалпы салмағын өлшеу немесе өкпенің диффузиялық қабілетін анықтау сияқты диагностикалық мақсаттарда көміртегі оксидін қолдануға тыйым салынбайды. Қазіргі тұжырым табиғи жану процестері (мысалы, темекі шегу), қоршаған ортаға әсер ету (мысалы, пайдаланылған газдар) немесе диагностикалық процедуралар нәтижесінде заңсыз пайдалану мен қабылдауды ажырату үшін таңдалды.

М3. Гендік және жасушалық допинг

- Қалыпты немесе генетикалық түрлендірілген жасушаларды пайдалануға тыйым салуға жасуша компоненттері (мысалы, митохондриялар мен рибосомалар сияқты ядролар мен органеллалар) қосылды.

ЖАРЫС КЕЗІНДЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН СУБСТАНЦИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕР

ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН СУБСТАНЦИЯЛАР

S6. Стимуляторлар

- 2-[Bis(4-fluorophenyl)methylsulfinyl]acetamide (флмодафинил) және 2-[bis(4-fluorophenyl)methylsulfinyl]-N-hydroxyacetamide (фладрафинил) S6.A санатына қосылды (ерекше субстанцияларға жатпайтын стимуляторлар). Бұл тіркелмеген субстанциялар модафинил мен адрафинилдің күшті аналогтары болып табылады және қоспалар ретінде сатылады

S9. Глюкокортикоидтар

- Глюкокортикоидтардың шығарылу кезеңінің кестесіне сілтеме ретінде келесі түсініктеме қосылды: "Баяу шығарылатын глюкокортикоидты формулаларды қолдану, жүйенің ұзақ сiңуiне байланысты шығарылу кезеңiнен кейiн глюкокортикоидтардың деңгейiн анықтауға әкелуi мүмкiн".

Енгізу әдісі	Глюкокортикоид	Шығарылу кезеңі*
Ауыз арқылы**	Глюкокортикоидтардың барлығы	3 күн
	Мыналарды қоспағанда: триамцинолон; триамцинолонның ацетониді	10 күн
Бұлшықет ішілік***	Бетаметазон; дексаметазон; метилпреднизолон	5 күн
	Преднизолон; преднизон	10 күн
	Триамцинолона ацетонид	60 күн
Жергілікті инъекциялар*** (буын айналасындағы, буын ішіндегі, сіңір маңындағы және сіңір ішіндегіні қосқанда)	Глюкокортикоидтардың барлығы	3 күн
	Мыналарды қоспағанда: преднизолон; преднизон; триамцинолонның ацетониді; триамцинолонның гексацетониді	10 күн
Тік ішек арқылы	Глюкокортикоидтардың барлығы	3 күн
	Мыналарды қоспағанда: триамцинолонның диацетаты; триамцинолонның ацетониді	10 күн

* «Шығарылу кезеңі» деп соңғы енгізілген дозадан *жарыс кезеңінің* басталуына дейінгі уақыт кезеңі түсініледі (яғни, егер Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік спорттың белгілі бір түрі үшін басқа кезеңді мақұлдасаса, онда *Спортшы* қатысамын деп жоспарлаған *жарысқа дейін* бір күн бұрын сағат 23:59 басталады). Бұл глюкокортикоидтердің деңгейін есептік деңгейден төмендетуді қамтамасыз ету үшін қажет.

** Ауыз арқылы енгізу жолына, мысалы, ауыз шырышты, буккальды, тіс етінің астындағы және тіл асты жолдары жатады.

*** Глюкокортикоидтардың баяу босатылатын формулаларын қолдану ұзақ жүйелі сіңіуіне байланысты жуылу кезеңінен кейін глюкокортикоид деңгейін анықтауға әкелуі мүмкін.

• Шығарылу кезеңдерінің кестесін Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің <https://www.wada-ama.org/en/prohibited-list#faq-anchor> сайтындағы жиі қойылатын сұрақтар тізімінен, сондай-ақ глюкокортикоидтарды терапевтік қолдану жөніндегі <https://www.wada-ama.org/en/resources/therapeutic-use-exemption/glucocorticoids-and-therapeutic-use-exemptions-guidelines> нұсқаулығынан табуға болады.

МОНИТОРИНГ БАҒДАРЛАМАСЫ

- Несептегі семаглутидке мониторинг жүргізу тирзепатидтің мониторингін де қамтитыны нақтыланды.

*Қосымша ақпарат алу үшін және бұрынғы өзгерістер мен түзетулер туралы білу үшін Тыйым салынған тізімге қатысты жиі қойылатын сұрақтар бөлімінен, мына сілтеме арқылы: <https://www.wada-ama.org/en/prohibited-list#faq-anchor> қарауыңызды өтінеміз.